

6B04201 – «Құқық» білім беру бағдарламасының түлек моделі

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- құқық саласында терең теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруге қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;
- құқық қолдану, құқық қорғау, басқару және консультациялық қызметті жүзеге асыра алатын жоғары білікті, бәсекеге қабілетті құқық бакалаврларын даярлау;
- заңдылықты, құқықтық тәртіпті, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған кәсіби және азаматтық жауапкершілігі жоғары мамандарды қалыптастыру.

Жалпы мәдени (жалпы білім беру) құзыреттіліктер

Бітіруші:

- тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде сауатты қарым-қатынас жасай алады;
- кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, соның ішінде құқықтық ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, деректерді іздеу, өңдеу, сақтау және қорғау құралдарын қолдана алады;
- өзін-өзі дамыту, кәсіби және мансаптық өсу мақсатында өмір бойы білім алу қағидаттарына негізделген жеке білім беру траекториясын құра алады;
- құқықтық мәдениетке, академиялық адалдық қағидаттарына және әлеуметтік жауапкершілікке негізделген дүниетанымды қалыптастырады, қоғамдағы құқық пен заңдылықтың маңызын түсінеді.

Кәсіби (пәндік) құзыреттіліктер

Бітіруші:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарын және құқық саласындағы негізгі теорияларды кәсіби қызметінде қолдана алады;
- құқықтық нормаларды талдайды, түсіндіреді және оларды нақты құқықтық жағдайларда қолдана алады;
- құқықтық құжаттарды (өтініштер, талап арыздар, шарттар, құқықтық қорытындылар және т.б.) заң талаптарына сәйкес сауатты ресімдей алады;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқықтық түсіндіру және құқықтық көмек көрсету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асырады;
- сот, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың қызметінде құқық қолдану практикасына қатыса алады;
- әлеуметтік, этикалық және кәсіби жауапкершілік нормаларын сақтай отырып, негізделген құқықтық шешімдер қабылдай алады.

Түлектің кәсіби даярлық нәтижесі

6B04201 – «Құқық» білім беру бағдарламасының түлегі құқықтық қатынастар саласында кәсіби қызмет атқаруға, заңнаманы қолдануға және дамытуға, азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қабілетті құқық бакалавры болып табылады.